

СУРЕТ БОЛАШАҚ ҚИІМ ДИЗАЙНЕРЛЕРІНІҢ ЖОБАЛЫ ОЙЛАУЫН ДАМУДЫҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Е.С.Досмаганбетов -

академиялық кафедрасының аға оқытушысы

Компьютерлік техниканың дамуына, жобалау процестерінде бірқатар операциялардың автоматтандырылуына байланысты тиімді графикалық тілдерді, мазмұны жаңа дизайндық проблемаларды, дизайнерлер жұмысының жаңа ұйымдастырушылық нысандарын іздеудегі дизайнның қазіргі заманғы қажеттіліктері бейнелеу құралдарын жобалы пайдаланудың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін түсінуге арқа сүйей отырып, жаңа графикалық тәсілдер мен әдістерді іздеуге мәжбүрлейді. Өз кезегінде, мұндай түсінік графикалық мәдениеттің қалыптасуын талдаудан және осыған орай «академиялық сурет» пәнінің міндеттерін анықтап алудан келіп туындайды. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, соңғы екі онжылдықта «сурет» пәнін дамытуда дағдарыс байқалады, суреттің міндеттері дизайн-білім берудің қажеттіліктеріне сәйкес болуын қойды. Сондықтан осы параграфта біз ресейлік және қазақстандық әр түрлі мектептердің (сөз академиялық мектептер туралы болып отыр) тәжірибесіндегі болашақ дизайнерлерге суретті оқытудың даму тарихын қадағалау және соларды талдау негізінде қазіргі кезеңде болашақ киім дизайнерлеріне суретті оқытудың неғұрлым көкейтесті міндеттерін анықтауымыз қажет. Осы параграфта, әрине, ресейлік дизайн мектептеріне ерекше көңіл бөлінетін болады, бірақ киім дизайны бойынша мамандар даярлайтын жетекші жоғары оқу орындарының сурет пәнінен барлық оқу бағдарламалары талданады.

Бүгінде сурет саласында өткен онжылдықтардың тарихи-мәдени құндылықтарын зерттеу әлеуметтік және ғылыми-теориялық аспектілерде маңызды міндеттердің бірі деп саналады. Өткен кездің суреттері тек тарихи және эстетикалық құндылыққа ғана ие емес, олар уақыт өтсе де, өзінің көкейтестілігін жоғалтпайтын графикалық мәдениеттің теңдессіз үлгілері болып табылады. Сондай-ақ олар бізге шығармашылық және өндірістік процестердегі графиканың рөлін түсінуге, оның ерекше мүмкіндіктерін және жобалау арқылы «объектіні» немесе «затты» құру процесінде оның қызмет ету ерекшеліктерін айқындауға көмектеседі, бұл дербес құндылық пен практикалық маңызға ие. Мысалы, дизайнның табиғаты мен ерекшелігі туралы мәселелердің шиеленісуіне байланысты Кеңес Одағының көркемсурет-өнеркәсіптік жоғары оқу орындарында суретті оқыту проблемаларын кең талқыға салу 1960 жылдардың басына келеді. Осы салада С. Колостың 1963 жылы «ДИ СССР» журналында жарияланған «Ерекшеліктерін ескере отырып» мақаласының мәні айрықша. Онда дәстүрлі натурадан көлемді-кеңістікті сурет салуға үйрету болашақ колданбалы өнер суретшілеріне қажетті ерекше бейнелеу дағдыларын бере алмайды, біршама қосарланушылық пен ерекшелігін түсінбеушілікті тудырады және жобалау

жұмысы кезінде тіпті «шығармашылық процеске тежеу» болады деп айтылады. Жобалау ерекшеліктерін ескеретін «Сурет» оқу пәнінің мазмұнын құру қажеттілігі сол кезде-ақ пісіп-жетілген болатын.

Осы мәселе бойынша басқаша көзқарасты 1973 ж. Н. Томский білдірген болатын. Жоғарыда айтылған сөздердің авторлары суреттің әр алуан түрлерін өте біржақты ұстанымдар тұрғысынан анықтайды: «әмбебап» (академиялық) және арнаулы (кәсіптің ерекшеліктерін ескеретін). Алайда «мәселенің айрықша қиындығы: дизайнердің кәсіби қызметіне тән ерекшеліктерге қарай тікелей жобалау барысында қолданылатын суреттің оқу суретінен айырмашылығы болуында. Мысалы, жобалау процесінің бірінші кезеңдерінде дизайнер сәулетті жобалау және бейнелеу өнеріне тән әдістерді ұштастыра істейді. Бұл бұйымның жобасын әзірлеу кезеңіндегі нобайлар, эскиздер — техникалық сызу элементтерімен байланысты көрнекі перспективалық, аксонометриялық немесе ортогоналдық бейнелеулер. Бірақ бастапқыда идея туындайды да, ол өзін графикалық іске асыруды талап етеді», – деп атап көрсетеді М.В. Горелов (1). Бұдан әрі автор бүгінгі таңда көркемсурет-өнеркәсіп жоғары оқу орнында оның әр түрлі бөлімшелерінің ерекшеліктерін ескере отырып, суретті оқытудың практикалық тәжірибесі жеткілікті жинақталғанын атап айтады. Ол мәселені шешудің академиялық тәсілінің де, сондай-ақ эмпирикалық сипаттағы арнаулы тәсілінің де шектеулілігін нанымды көрсетеді. Өзінің әдістемесі бойынша осы уақытқа қарай қалыптасқан «академиялық» сурет композициялық міндеттерді ескере бермейді, ал бүкіл сурет салу процесі шын мәнінде объектілерді қайталап салуға, көріп көшіріп салуға келіп саяды. «Арнаулы» суретте композициялық және көлемдік-кеңістіктік шешім міндеттері қойылады, бірақ әзірге бірыңғай оқыту әдістемесі жасалмаған (1, 16). Осы айтылғандар суретші-дизайнердің сурет сабағында алған білімдері мен дағдыларын практикалық қолданудың ерекшелігін; академиялық сурет пен арнаулы суреттің және дизайнерлік жобалау процесінің өз арасында туындайтын байланыстар қандай сипатта екенін нақты бөліп көрсету қажет дегенді білдіреді. Ал енді «осы байланыстардың құрылымы оқу суреті мен дизайнерді кәсіби даярлау міндеттерінің өзара оңтайлы ықпалдастық жүйесінің ғылыми негізі болуға тиіс» (1,16).

Сонымен, педагогикалық практиканың дамуы көрсеткендей, суретшіні даярлау процесін тек ғылыми негізде ғана анағұрлым ұтымды әрі тиімді ұйымдастыруға болады. Бұл практика сурет және кәсіби қызмет ретінде дизайн-жобалаудың өзара ықпалдастығының табиғаты мен заңдылықтары туралы объективті-ғылыми деректерге арқа сүйеуі керек.

Өнертанушы М.В. Гореловтың диссертациялық зерттеуінде (Мәскеу, 2006) «сурет» курсы мен «жобалау» курсының өзара ықпалдасу қағидаттарын әзірлеу проблемасы тұңғыш рет зерттеледі.

Тұңғыш рет «академиялық» суретті жобалау идеясын көрсетіп жеткізу тілі ретінде қарастыру талабы жасалды. Бұл композициялық ойлау негіздері мен автордың графикалық стилін қалыптастыру тұрғысынан алғанда суретті

жобалау мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде көруге мүмкіндік берді. Аталған зерттеушінің айтуына қарағанда, оның диссертациясы көркемсурет-өнеркәсіп жоғары оқу орындарында «Дизайн» маманданымы бойынша «сурет» пәнін оқытудың бұдан кейінгі оқу-әдістемелік зерттеулеріне ғылыми арқау ретінде пайдаланылуы мүмкін. Бұл жерде біз аталған зерттеу нәтижелерінің біздің проблемамызды, педагогикалық жоғары оқу орындарының көркемсурет-графикалық факультеттерінде болашақ киім дизайнерлерін даярлау жағдайында олардың жобалы ойлауын дамыту проблемаларын ашуға орасан зор ықпалы болғанын атап айтқымыз келеді.

Сөйтіп, Ресей дизайнының қалыптасу тарихында бірқатар айрықша мектептер бар – бұл Строганов мектебі, ВХУТЕМАС (Жоғары көркемсурет-техникалық шеберханалар), В.И. Суриков атындағы МГХИ (Мәскеу мемлекеттік көркемсурет институты), И.Е. Репин атындағы ЛГХИ (Ленинград мемлекеттік көркемсурет институты) және де бірқатар басқалары, оларда «сурет» пәнін оқытудың орасан зор тәжірибесі жинақталған, көркемсурет білім берудің ерекшелігіне, сондай-ақ Ресей Көркемсурет Академиясының жұмыс тәжірибесін ескеруге негізделген әдістемелік қағидааттар әзірленді. Көркемсурет-өнеркәсіп жоғары оқу орындары жоғарыда аталған оқу орындарынан суретті тиісті маманданымдағы жоғары оқу орнының тәжірибесінде пайдалану әдістемесіне қарай айрықшаланады. Мысалы, Мәскеу Сәулет өнері Институтының сурет кафедрасы оқытушыларының ұжымы А.А. Дейнеканың жетекшілігімен оқу суретін академиялық тұрғыдан емес, арнаулы талаптарды ескере отырып қарастырды. «Сурет салып үйреніңіздер» атты құралда (1961) перспективаны «шығармашылықпен» қолдануға басты назар аударылған, яғни, картинаға екі, үш жиналу нүктесін немесе екі көкжиек сызығын енгізуге саналы түрде рұқсат етілді. Суреттің құрылуында форманы конструктивті талдауға және жазықтықта көлемді перспективалық бейнелеу заңдары мен ережелерін ұғынуға айтарлықтай назар аудару ұсынылады. Көлемді форманы белгілі бір заңдар бойынша, кеңістікте жылжыта отырып, өзара логикалық байланыста бейнелеудің басты бөлігі ретінде бейнеленетін заттың конструктивті ерекшеліктерін айқындау ұсынылады.

Ресейдің көркемсурет-өнеркәсіптік оқу орындарының бүгінгі көптеген әдістемелері орыстың реалистік сурет мектебінің тәжірибесі мен сәулет-дизайнерлік ерекшеліктің синтезіне негізделген. Кәсіби сәулет-жобалау және дизайнерлік қызметтегі суреттің рөлі қарастырылған соңғы жылдар әдебиетінде сәулетші мен дизайнер үшін сурет түпкі ойды білдірудің негізгі құралы, сәулет құрылысын немесе затты жасаудың бірінші және бастапқы кезеңі болып табылатыны атап көрсетіледі. Сурет дизайнер мен сәулетшінің кәсіби мәдениетінің ұйтқысы, ал сурет салу процесі – түпкі ойды ашу мен жүзеге асыру жолы болып табылады. Осы айтылғандар болашақ дизайнер мен сәулетшінің кәсіби мәдениеті нақ осы суреттен басталатынын көрсетеді.

Бейнелеу өнерін оқыту теориясы мен әдістемесінің бүкіл бірізділікпен даму тарихы ең алдымен суретті оқытудың негізгі қағидааттары мен әдістерін

кеңейтуге әрі тереңдетуге тығыз байланысты. Өйткені нақ сурет бейнелеу қызметінің кез келген түрінің негізі болып табылады және барлық белгілі бейнелеу қағидаттарын, сондай-ақ болашақ киім дизайнерлерінің жобалы ойлауын дамыту мүмкіндіктерін қамтиды. Сурет салу процесі белсенді қабылдаудың, осы қабылдау түсініктері түзілуінің және түсінік бейнесін бейнеленбек бетке техникалық жүзеге асырудың өзара ықпалдастығының күрделі психологиялық процесі бола отырып (П.Я. Павлинов), практикалық қызметте жүзеге асырылуы сурет салу процесінде болашақ дизайнерлердің жобалы ойлауын ұдайы дамытуды талап ететін эмоциялық-бейнелі және техникалық-талдау бастауларының тұтастығынан туындайды. Біздің ойымызша, академиялық сурет сабақтарында жобалы ойлауды дамыту мүмкіндіктерін зерттеу, өз кезегінде, студенттерді шығармашылық дамытудың пайдаланылмаған резервтерін айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен, оқу суретіне және оны оқытуға назар аударған зерттеушілердің алғашқысы И.Н. Крамской болды. Автордың көзі тірі кезінде жарияланбай қалған «Сурет салу мектебіне» мақаласында (1866) оқу суретінің «сызық салған кезде көзді дамытуды» нысанаға алуының маңыздылығы баса атап айтылады. Крамскойдың ойынша, сурет натураны әсірелеп бояуды және сәнді орындауды талап етпейді, өйткені жұмыстың өзіндік ерекшелігін, сапалық және талғамдық қасиеттерін көрсету үшін натураның өзіне тән сипаттарын тура бейнелеу жеткілікті. Крамскойды Көркемсурет академиясын реформалау мәселелері де толғандырды.

1. Горелов М.В. Развитие проектного мышления будущих дизайнеров одежды//Педагогика. - 2006. - № 4. – С. 16-23.

Резюме

В статье рассматриваются проблемы развития проектного мышления будущих дизайнеров одежды на занятиях по рисунку. Учебная дисциплина «Рисунок» рассматривается как основное средство развития проектного мышления.

Summary

In article problems of development of design thinking of the future designers of clothes on employment on drawing are considered. A subject matter drawing. It is considered as the basic means of development of design thinking.